

Атбасар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № а-4/151 "Атбасар қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 2 қарашадағы № а-10/280 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 қарашада № 30467 болып тіркелді

Атбасар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атбасар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № а-4/151 "Атбасар қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6607 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Атбасар қаласында барлық маршруттар үшін жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тариф белгіленсін 110 (жүз он) теңге мөлшерінде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атбасар ауданының әкімі

А.Калжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Атбасар аудандық мәслихаты